ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2025 жылғы 09 шілде №3115-25-00-2/1357 Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья С.Б. Койтекеева,
сот отырысының хатшысы С.А.Тургыновтың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасының Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығы» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «Садиров С.» - Серик Садиров

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор Г.А.Курманов,
талап қоюшының өкілі М.Т.Рамазанов,
жауапкер дара кәсіпкер С.Садиров

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылы 13 мамырда «Қазақстан Республикасының Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығы» республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – тапсырыс беруші, РММ, талап қоюшы) және дара кәсіпкер «Садиров С.» (бұдан әрі – өнім беруші, жауапкер) арасында «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының және 08.05.2025 жылы №14668156-ЗЦП1 «Бағалы ұсыныныстарға сұраным» тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде, құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы № 141 шарт жасаған (бұдан әрі – Шарт). Шарт бойынша техникалық сипаттамаға сәйкес киім тігу жұмыстары көзделген, жұмыстарды орындау мерзімі - 2025 жылғы 30 маусымды қосы алғанда аяқталуы тиіс болған.

Шарттың 9.1 тармағына сәйкес, Шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органында тіркегеннен кейін күннен бастап күшіне енеді және 31.12.2025 жылға дейін қолданылады.

2025 жылдың 16 мамырында Шарт аумақтық қазынашылық органында тіркегеннен.

Жауапкер шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын төлеген.

2025 жылғы 19 мамырда дара кәсіпкер «Садиров С.» мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жасалған Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан жазбаша бас тарып, орындау мүмкіндігі болмағандықтан шартты бұзуды сұраған.

2025 жылдың 22 мамырда талап қоюшы жауапкерге Шартты бұзу бойынша хабарлама жіберген.

2025 жылдың 23 мамырында талап қоюшы Шартты біржақты бұзған.

Талап қоюшы талап қоюында:

- дара кәсіпкер «Садиров С.» - Серик Садировқа мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұраған.

Жауапкер талап қою бойынша сотқа түсірген жазбаша пікірінде, тараптардың арасында 2025 жылы 13 мамырда № 141 келісім-шарт жасалғанын, келісім-шарттың мәні бойынша жоғары офицерлік құрамға арналған киім-кешекті тігу бойынша жұмыстарды орындауы тиіс болғанын. Алайда, объективті және оның еркінен тыс жағдайларға байланысты, мата жеткізілімі бұзылғандықтан, келісім-шарт міндеттемелерін орындау мүмкін болмағанын көрсеткен. Сонымен қатар, жауапкер жазбаша пікірде, тапсырыс берушіге зиян келтірмеу және мерзімді бұзбау мақсатында 19.05.2025 жылы мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы келісім-шарттан бас тарту туралы ресми хабарлама жолдағанын, өзі уақтылы әрекет етті деп есептейтінін баяндаған. Сонымен бірге, шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын төлегенін көрсетіп, өзінің шарттан бас тартқаны үшін белгілі бір дәрежеде жауапкершілікке тартылды деп есептейтінін көрсетіп, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұраған.

Талап қоюшының өкілі, талап қоюдағы уәждерін қуаттап, жоспарланған киім тігу жұмыстары қазірге орындалмағанын, шарт біржақты бұзғандарын көрсетіп, талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер жазбаша пікірдегі уәждерін қуаттап, өзінің шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын төлегенін көрсетіп, киім тігетін маталарды Қазақстаннан таппағандарын, маталарды басқа мемлекеттен - Белоруссиядан тапқандарын, оған уақыт қажет екенін көрсетіп, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Прокурор талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыру туралы қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Құжатқа қол қойылған: Койтекеева С. Б., 15.07.2025

Заңды күшіне енген күні: 16.08.2025, судья Койтекеева С. Б., 18.08.2025

3115-25-3-1/1375

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII Қазақстан Республикасының Заңының 8-бабының 4-тармағы 3)-тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3)-тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Іске құжаттарынан анықталғаны, 13 мамыр 2025 жылы тараптардың арасында құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарт №141 жасалған, аумақтық қазынашылық органында шарт 16.05.2025 жылы тіркелген, жұмыстарды орындау мерзімі – 30.06.2025 жылы аяқталуы тиіс болған, шарт 31.12.2025 жылға дейін қолданылады.

19.05.2025 жылы жауапкер талап қоюшыға мемлекеттік сатып алу порталы арқылы шартты бұзу туралы өтініш жолдаған.

2025 жылдың 22 мамырында шарт біржақты бұзылған.

Талап қоюшы жоспарланған киім-кешекті алмаған, мерзімінде пайдалана алмай отыр, яғни бұл тапсырыс берушіні жағымсыз салдарға әкелген.

Бұл жағдай талап қоюшының сотқа ұсынған құжаттарымен өз дәлелін табады.

Ал жауапкер тарапынан өзінің аталған шартты орындамау себебін матаның болмауы деп көрсеткенімен, өз іс-әрекетінің заңдылығын көрсететін дәлелдемелерін сотқа ұсынбады.

Істің мұндай тұрғысында, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы заңды және негізді, сондықтан оның осы талап қоюы қанағаттандырылуға жатады.

АПК-нің 117-бабының талабы бойынша, жауапкерден мемлекет пайдасына 1 966 теңге мемлекеттік баж шығыны өндіріледі.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасының Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығы» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер дара кәсіпкер «Садиров С.» - Серик Садировқа мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «Садиров С.» - Серик Садиров мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Койтекеева С. Б., 15.07.2025
Заңды күшіне енген күні: 16.08.2025, судья Койтекеева С. Б., 18.08.2025
3115-25-3-1/1375

Дара кәсіпкер «Садиров С.» - Серик Садировтан мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге наразы жақ, АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтап апелляциялық шағымды, прокурор өтінішхатты, Жамбыл облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы, түпкілікті нысанда шешім шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған адамдар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья **С.Б.Қойтекеева**

Құжатқа қол қойылған: Койтекеева С. Б., 15.07.2025

Заңды күшіне енген күні: 16.08.2025, судья Койтекеева С. Б., 18.08.2025

3115-25-3-1/1375